

"ҚХЖБ-топ" Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 21 қаңтар N 326

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін оңтайландыру мақсатында қаулы
е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "ҚХЖБ-топ" Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясын" құру туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі N 4003 U984003_ Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 21, 177-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) "ҚХЖБ-топ" Ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы"

жабық акционерлік қоғамын таратуды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.